

Кейс: «Brain Drain» Қазақстан экономикасына ықпал ету факторы ретінде

2019 жылы эмигранттардың жалпы статистикасындағы жоғары білікті мамандардың үлесі 50,6 %-ды құрады. 2020 жылы пандемия мен жүріс-тұрыс шектеуіне қарамастан, бұл көрсеткіш 54,3%-ға жетті. 2019 жылмен салыстырғанда Қазақстаннан үш есе көп медицина қызметкерлері, төрт есе көп педагогтар, бес есе көп техникалық мамандар кетті. Сарапшылар эмиграцияның келесідей себептерін атайды: адами капитал мен өмір сүру деңгейінің, болашаққа сенімділіктің төмендеуі және елімізде сапалы білімнің болмауы.

Қазақстаннан ондаған мың жас кетуде, шетелге, соның ішінде, Қазақстанның барлық студенттерінің 60 пайызы оқитын Ресейге оқуға кетуде. Білім алушылар жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін шетелде жиі қалып қалуда.

2019-2020 академиялық жылы Ресейдің ЖОО-да білім алған қазақстандықтардың саны шамамен 39,6 мың адамды немесе бұл уақытта қазақстандық ЖОО-да білім алған студенттердің жалпы санының 8,9 %-ын құрады.

Адами капиталдың жылыстауынан бөлек біздің мемлекетіміз Ресейге көшіп кеткен эмигранттардың туу сәтінен бастап 11 жылдық білім алуды аяқтағанға дейін олардың өмір сүруін қамтамасыз ету бойынша шығындарды өтеуде. Егер студенттердің білім алуын аяқтағаннан кейін Отанға қайтпауы туралы болжамды негізге алса, қайтарымсыз шығындар (sunkcosts) туындауда. Қайтарымсыз шығындар орын алғаннан бөлек, сонымен қатар, мемлекет адами капиталға салған инвестициялардан қайтарымдылық көрмейді.

Жоғарыда аталғанды ескере отырып:

1. Мемлекеттік басқару саласындағы теориялық және практикалық білімге сүйене отырып, Қазақстаннан адами капиталдың жылыстауы мәселесін тиімді шешу бойынша ұсыныстар беріңіз;
2. Төменде келтірілген ақпараттың негізінде біздің мемлекетіміздің жиынтық экономикалық шығындары мен қолдан шығарылған пайдасын есептеңіз.

Есептерді жеңілдету үшін *төмендегі ақпаратты шындыққа жатқызыңыз:*

- 1) Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін алған сәттен бастап бүкіл жылдар бойы кейсте берілген қаржылық көрсеткіштер **тұрақты** болып табылады;
- 2) Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 2 мың теңгені құрайды және жан басына шаққандағы ЖІӨ жылына 2 млн теңгені құрайды;
- 3) 50000 жас қазақстандық жыл сайын білім алған мемлекетінде қалады;
- 4) Мектепке дейінгі білім беруге 1 АҚШ доллары көлемінде кеткен шығын болашақта мемлекетке 4 доллар, ал орта білім 3 доллар пайда әкеледі (1 АҚШ долларының бағамы = 430 теңге).

Туылған кезінен бастап орта мектепті аяқтағанға дейін бір қазақстандыққа кететін шығындар

Мемлекет шығындарының атауы	Есептеу әдістемесі
Туылған кезінен бастап мектепке барғанға дейін бір баланы күтіп-бағуға кететін шығындар	Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы жәрдемақы (40 АЕК) + бала күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы жәрдемақы (5 АЕК * 12 ай) + мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына бару (жылына 250 000 теңге * 4 жыл)
Орта білім беруде бір оқушыға кететін шығындар	Жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің жылына 10%-ы * 11 жыл
Туылған кезінен бастап орта мектепті аяқтағанға дейін 50000 студентке кететін жалпы шығындар	(Туылған кезінен бастап мектепке барғанға дейін бір баланы күтіп-бағуға кететін шығындар + орта білім беруде бір оқушыға кететін шығындар) * 50000